

## **Қазақстандық ғалымдардың ғылыми жарияланымдарының сапасын бағалау үшін ұсынылатын қазақстандық ғылыми журналдар рейтингі**

1. Қазақстандық ғалымдардың ғылыми жарияланымдарының сапасын бағалау үшін ұсынылатын қазақстандық ғылыми журналдар рейтингі (бұдан әрі – рейтинг) ғылыми журналдарды деңгейлердің (1-5) біріне жатқызады: 5 – ең жоғары деңгей; 4 – жоғары деңгей; 3 – орташа деңгей; 2 – орташадан төмен деңгей; 1 – базалық деңгей.

2. Рейтинг Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі №466 бұйрығымен бекітілген сыныптауышының бірінші, екінші және үшінші деңгейлерінің ғылыми бағыттары бойынша анықталады.

3. Рейтингтің 5 (бес) деңгейіне тиісті ғылыми бағыт бойынша Publication Forum (JUFO, Финляндия) журналдар рейтингісінің 2 (екі) немесе 3 (үш) деңгейіне кіретін және осы ғылыми бағыт бойынша Web of Science дерекқорында индекстелетін журналдар енгізіледі (егер журнал Web of Science дерекқорында индекстелмесе, онда ол осы ғылыми бағыт бойынша Scopus дерекқорында индекстелуі тиіс).

4. Рейтингтің 4 (төрт) деңгейіне осы рейтингтің 5 (бес) деңгейіне кірмейтін және рейтинг жылы ішінде Journal Citation Reports (JCR, Clarivate Analytics) деректеріне сәйкес ашық қолжетімді 2000 (екі мың) мақалалар мен шолулардан кем жариялаған журналдар енгізіледі:

a. гуманитарлық ғылымдар мен өнер бағытын қоспағанда, барлық бағыттар бойынша:

- JUFO-ның 1 (бір) деңгейіне кіретін және JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша импакт-фактор бойынша бірінші немесе екінші квартильге кіретін журналдар;

b. гуманитарлық ғылымдар мен өнер бағыты бойынша:

- JUFO-ның 1 (бір) деңгейіне кіретін және JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша Arts and Humanities Citation Index (АНЦИ) базасында индекстелетін журналдар.

5. Рейтингтің 3 (үш) деңгейіне осы рейтингтің 4 (төрт) және 5 (бес) деңгейлеріне кірмейтін келесі журналдар енгізіледі:

a. гуманитарлық ғылымдар мен өнер бағытын қоспағанда, барлық бағыттар бойынша:

- JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша импакт-фактор бойынша бірінші, екінші немесе үшінші квартильге кіретін журналдар;

- JUFO-ның 1 (бір) деңгейіне кіретін және JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша Web of Science дерекқорында индекстелетін журналдар;

- JUFO-ның 1 (бір) деңгейіне кіретін және Scopus (Elsevier) деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша CiteScore бойынша бірінші немесе екінші квартильге кіретін журналдар;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесінің 1 (бір) тізіміне енгізілген (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК басылымдар тізбесі) және JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша импакт-фактор бойынша бірінші немесе екінші квартильге кіретін журналдар;

- ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК басылымдар тізбесінің 1 (бір) тізіміне кіретін және Scopus деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша CiteScore бойынша бірінші немесе екінші квартильге кіретін журналдар;

- тиісті ғылыми бағыт бойынша ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК басылымдар тізбесінің 1 (бір) тізіміне кіретін журналдар (тек әлеуметтік ғылымдар, әскери ғылымдар және ұлттық қауіпсіздік үшін);

b. гуманитарлық ғылымдар мен өнер бағыттары бойынша:

- JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша АНЦИ индекстелетін журналдар;

- JUFO-ның 1 (бір) деңгейіне кіретін және JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша Web of Science дерекқорында индекстелетін журналдар;

- JUFO-ның 1 (бір) деңгейіне кіретін және тиісті ғылыми бағыт бойынша Scopus дерекқорында индекстелетін журналдар;

- ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК басылымдар тізбесінің 1 (бір) тізіміне тиісті ғылыми бағыт бойынша кіретін (отандық журналдар).

6. Рейтингтің 2 (екі) деңгейіне осы рейтингтің 3 (үш), 4 (төрт) және 5 (бес) деңгейлеріне кірмейтін келесі журналдар енгізіледі:

a. гуманитарлық ғылымдар мен өнер бағытын қоспағанда, барлық бағыттар бойынша:

- JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша импакт-фактор бойынша төртінші квартильге кіретін журналдар;

- JUFO-ның 1 (бір) деңгейіне кіретін және тиісті ғылыми бағыт бойынша Scopus дерекқорында индекстелетін журналдар;

- ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК басылымдар тізбесінің 1 (бір) тізіміне кіретін журналдар (отандық журналдар, әлеуметтік ғылымдарды, әскери ғылымдарды және ұлттық қауіпсіздікті қоспағанда);

b. гуманитарлық ғылымдар мен өнер бойынша:

- JCR деректеріне сәйкес тиісті ғылыми бағыт бойынша Web of Science дерекқорында индекстелетін журналдар;

- тиісті ғылыми бағыт бойынша Scopus дерекқорында индекстелетін журналдар.

7. Рейтингтің 1 (бір) деңгейіне осы рейтингтің 2 (екі), 3 (үш), 4 (төрт) және 5 (бес) деңгейлеріне кірмейтін келесі журналдар енгізіледі:

- тиісті ғылыми бағыт бойынша Web of Science (Clarivate Analytics) дерекқорында индекстелетін журналдар;

- тиісті ғылыми бағыт бойынша Scopus дерекқорында индекстелетін журналдар;

- тиісті ғылыми бағыт бойынша ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК басылымдар тізбесінің 2 (екі) тізіміне кіретін журналдар.

8. Деңгейлер, квартильдер, индексация және ҚР ҒЖБМ ҒЖБСҚК басылымдар тізбесіне енгізілуі рейтинг жылы бойынша айқындалады.

9. Егер жарияланған жылы үшін журналдың деңгейі немесе квартилі әлі айқындалмаса, оның өткен жылғы мәні пайдаланылады. Егер журналдың өткен жылғы деңгейі немесе квартилі де айқындалмаса, оның өткен жылдың алдындағы жылғы мәні пайдаланылады.

10. Осы рейтингті қолдану сәтінде Scopus дерекқорындағы индекстелуі тоқтатылған журналдар аталған рейтингтің 1 (бір), 2 (екі), 3 (үш), 4 (төрт) және 5 (бес) деңгейлеріне жатқызылмайды.

11. Егер журнал қолдану кезінде JUFO-ның 0-деңгейіне кіретін болса, онда алдыңғы екі жылдағы рейтингтерде ол JUFO-ның 1 (бір), 2 (екі) және 3 (үш) деңгейлеріне жатқызылмайды.

#### **Рейтинг үшін дереккөздер:**

1. Publication Forum (JUFO) деңгейлеpi: <https://jfp.csc.fi/jufportal>

2. Journal Citation Reports (JCR) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша квартильдер және индекстелу: <https://jcr.clarivate.com>

3. Scopus дерекқорына сәйкес CiteScore бойынша квартильдер және индекстелу: <https://scopus.com/sources> немесе Elsevier деректері

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын өзекті басылымдар тізбесі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/quality/documents/details/520901?lang=ru>

5. Scopus дерекқорында индекстелуі тоқтатылған дереккөздер тізбесі (Discontinued Sources): <https://www.elsevier.com/products/scopus/content>

6. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) жіктеуші бойынша бағыттардың Web of Science санаттарына сәйкестік картасы (OECD schema to Web of Science Category Mapping): <https://incites.zendesk.com/hc/en-gb/articles/22516984338321-OECD-Category-Schema>

7. ЭЫДҰ жіктеуші бойынша бағыттардың All Science Journal Classifications бағыттарына сәйкестік картасы (ASJC to FORD Mapping): [https://service.elsevier.com/app/answers/detail/a\\_id/21717/supporthub/scival/kw/qs/#panel3b](https://service.elsevier.com/app/answers/detail/a_id/21717/supporthub/scival/kw/qs/#panel3b)

8. All Science Journal Classifications бағыттарының Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 466 бұйрығымен бекітілген ғылыми бағыттар сыныптаушының үшінші деңгейіндегі ғылыми бағыттарға сәйкестік картасын Қоғам зерттеу нәтижелері бойынша қалыптастырады және өзінің ресми интернет-ресурсында жариялайды.